ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
АРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА АРАЛЬСК
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«9» ақпан 2026 ж./г.
Арал қаласы

№ 21-өкр
город Аральск

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106 – VIII Заңының 16-бабы 3 – тармағының 28 тармақшасына және № 687 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2024 жылғы 9 қазанда № 35238 болып тіркелді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 506-тармағына сәйкес:

1. «1С: Предприятие 8.3 Бухгалтерия Қазақстан мемлекеттік мекемелер үшін бағдарламасына техникалық қызмет көрсету, сүйемелдеу, басқару, бағдарламаны жөнге келтіру, енгізу және жаңарту бойынша қызметтер» бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Осы өкімнен туындайтын іс-шараларды жүзеге асырушы ретінде «Арал қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері Жұбатқанов Нұрсұлтан Серікұлы айқындалсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Арал қаласы әкімінің орынбасары Алтайұлы Азаматқа жүктелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Арал қаласының әкімі **Б. Ұзақов**

000589